

2011 жылы халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 279 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 07 ақпанда N 12-4-94 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 28 қазандағы N 26/1-28/361 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 28.10.2013 N 26/1-28/361 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1-тармағының 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабына сәйкес, жұмыссыздарға және халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына жұмыспен қамтуға көмектесу және әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Нұсқаулық, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ақтоғай ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын халықтың нысаналы топтарының құрамына енетін тұлғалардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, нысаналы топтарының жұмыссыздарына басымды бағыттарды қамтамасыз ететін мекемелер, кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша келісім-шарттар ж а с а с ы н .

4. Әлеуметтік жұмыс орындардың қаржыландырылуы, "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 002 бағдарламасы бойынша, 2011 жылға арналған аудан бюджеті қаражатынан жүзеге асырылады.

5. Осы аудан әкімдігінің қаулысы оның ресми жарияланған алғашқы күннен

бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Ысқақоваға міндеттелсін.

<i>Аудан әкімі</i>		<i>Ж. Қожанов</i>		
Аудан	әкімдігінің	2010	жылғы	
30	желтоқсандағы	N	279	қаулысымен
бекітілді				

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығы

Осы Нұсқаулық халықтың нысаналы топтарынан шыққан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің (меншік нысанына қарамастан) есеп айырысудың негізгі шарттары мен жүйесін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар: әлеуметтік жұмыс орны – халықтың нысаналы тобынан шыққан жұмыссыз адамдарды еңбекке орналастыру үшін жұмыс және шығындарының бір бөлігін өтемақымен толықтыруға мүмкіндігі бар жұмыс берушілердің жергілікті атқарушы органмен шартқа отыру негізінде құрылған жұмыс орны; нысаналы топтар – Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңымен белгіленген жұмысқа орналасуда қиындыққа шалдыққан және әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтар.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек зейнетақылық қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамалық актілер қолданылады.

3. Жұмыссыздардың әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оған жұмыссыздарды еңбекке орналастыру тәртібі

4. Әлеуметтік жұмыс орындары нысаналы топтарға жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін еңбек ақы төлеудің жергілікті бюджет қаржысы есебінен 70 пайызы мөлшерінде төлеу шартымен жұмыс берушімен ұсынылады

н е м е с е

а ш ы л а д ы .

5. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарын ашу мақсатында әлеуметтік жұмыс орындары ұсынатын немесе ашатын жұмыс берушілермен қаржыландырудың мерзімі мен шарты және әлеуметтік жұмыс орындарын орындау туралы келісім-шарттар құрады.

6. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу олардың келісімі бойынша уәкілетті органмен жүргізіледі.

7. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарына қабылдаған жұмыссыздар уәкілетті органнан жұмыссыз есебінен шығарылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері - жұмыс берушілер мен жергілікті бюджет қаржысы.

9. Жергілікті бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру " Еңбекпен қамту бағдарламасының" 002 бағдарламасы бойынша "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" бағдарламасы бойынша іске асырылады.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздардың еңбек ақысына кеткен шығындар жергілікті бюджет қаржысынан өтеледі.

11. Еңбек ақы төлеу жұмыс берушімен келісім негізінде берілетін жартылай өтемақымен жасалынады және Республика бойынша бекітілген ең аз жалақыдан кем болмауға тиіс.

12. Бюджеттік қаржыны аудару бойынша есеп айырысу жұмыс берушілердің шоттарына жүргізіледі.

4. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібіне бақылау жасау

13. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығын бақылау заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органмен жүзеге асырылады.

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
30 желтоқсандағы N 279 қаулысымен
бекітілді

Ақтоғай ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын халықтың нысаналы топтарының құрамына енетін тұлғалардың тізбесі

1. 50 жастан асқандар.
2. Медициналық-санитарлық сараптамалық комиссияның еңбекке шектеулі жарамдығы туралы анықтамасы бар тұлғалар.
3. Отбасында бірде-бір жұмыс істейтін адамы жоқ аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан жұмыссыздар.
4. Ұзақ емделуді қажет ететін отбасы мүшелері - жұмыссыздар.
5. Көп балалы отбасылардың жұмыссыз ата-аналары.
6. Мүгедек балаларды тәрбиелейтін жұмыссыздар.
7. 24 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар.
8. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің жолдамасы арқылы кәсіби дайындықтан және қайта даярлаудан өткен жұмыссыздар.

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
30 желтоқсандағы N 279 қаулысымен
бекітілді

2011 жылға арналған Ақтоғай ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына еңбекке орналастыру кестесі

р/р	Ауылдық округтер атаулары	Жұмысқа орналастырылады бойынша						
		Айлар	Айлар	Айлар	Айлар	Айлар	Айлар	Айлар
Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек
1	Ақтоғай ауылдық округі	43				5	20	18
2	Әуелбек ауылдық округі	2					2	
3	Барлыбай ауылдық округі							
4	Басқамыс ауылдық округі							
5	Жалаулы ауылдық округі							
6	Жолболды ауылдық округі	4					4	
7	Қараоба ауылдық округі	2					2	
8	Қожамжар ауылдық округі	10				5	5	
9	Мүткенов ауылдық округі	5					5	
10	Приреченск ауылдық округі	2					2	
11	Разумов ауылдық округі	2					2	
12	Харков ауылдық округі	10				5	5	
13	Шолақсор ауылдық округі	0						
	Аудан бойынша	80				15	47	18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК